Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлының 6D030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысына ғылыми кеңесші, PhD доктор, профессор А.К. Жанибековтың

ПІКІРІ

Докторант Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлының «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы өте өзекті мәселелердің біріне арналған. Диссертациялық зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларын құқықтың қайнар көзі ретінде танудың теориялық және практикалық мәселелері кешенді түрде зерттеледі. Біздің елімізде соңғы кездері қабылданып жатқан құқық қорғау органдары саласындағы реформалар мен ҚР Президентінің Жолдауларында сот билігі органдарының қызметін жетілдіру мен оның сапасын арттыру мәселелерінің жиі қозғалуы зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыс тақырыбы, өзектілігі және мазмұнының нақтылығымен ерекшеленетіндігін айтқым келеді. Жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, хронологиялық шегі мен географиялық ауқымы да тақырыптың біртұтастығына қызмет етеді. Диссертациялық жұмыстың мазмұнының жинақылығы мен бағыттылығына негіз болған осы жағдайлар тақырыптың сәтті ашылуына мүмкіндік берген. Докторант осы тақырыпқа үлкен дайындықпен келгенін көрсетті.

Докторант Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлы диссертациялық жұмысты дайындау барысында өзінің теориялық тұрғыда жоғары дайындығы мен білімділігін көрсете білген. Жұмысты жазу барысында көп ізденгенін, өте кең ауқымда әдебиеттер мен нормативтік құқықтық актілерді пайдаланғанын атап өтуге болады.

Зерттеуде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде танудың теориялық негіздері, Жоғарғы Соттың сот практикасына қатысты түсіндірмелерінің нормативтік-интерпретациялық сипаты, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары және олардың заңға тәуелді актілерден

айырмашылығы, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы заңнаманы нақтылау шектері, нормативтік қаулыларды әзірлеудің жалпы заңдық техникалық ережелері, нормативтік қаулыларда тыйымдардың, ұйғарымдардың және рұқсат етулердің көрініу нысандары, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларындағы құқықтық дефинициялардың рөлі, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының логикасы, нормативтік қаулыларды соттардың қызметінде қолдануының өзекті мәселелері қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығына қатысты бірқатар мәселелер әлі де болса жіті ұғынылмай, әрі іс жүзінде қолданылмай, практикалық шешімін таппай отыр. Сондықтан, зерттеу жұмысының маңызды және құнды екені теориялық, әрі практикалық тұрғыдан айқын байқалады. Зерттеу нысаны ретінде нарықтық қатынастар жағдайында және тұрақты дамуға көшу кезеңінде сот билігін жүзеге асыру барысындағы қоғамдық қатынастар кешені алынған.

Диссертацияда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалар жүйесі және Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын тиімді жүзеге асыруды құқықтық реттеу механизмдері зерттеле келе, заңнамадағы кемшін тұстар анықталып, оларды түзеу мақсатында нақты ұсыныстар жасалған.

Зерттеу жұмысының мынадай жаңалықтарын атап көрсетуге болады:

- қол жеткізілген нәтижелердің ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы еліміздің сот билігі саласындағы құқық шығармашылық және құқық қолданушылық қатынастар теориясын одан әрі дамытуда болып табылады;

- зерттеу жұмысында нормативтік қаулылардың құқықтық табиғатын талдау негізінде, олардың заңнамалық нормаларды нақтылайтын және оларға түсініктеме беретін, сондай-ақ сот құқық шығармашылығының негізгі нәтижелерінің бірі болып табылатын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ерекше түрі екендігі туралы қорытынды жасалады;

- зерттеу нәтижесінде нормативтік қаулылардың құқықтық табиғаты жаңаша түсіндіріліп, олардың заңнамадағы дәстүрлі құқықтық актілерден ерекшеліктері анықталды. Құқық шығармашылық және интерпретациялық техника аспектілері зерделеніп, Жоғарғы Сот қаулыларындағы құқықтық позициялардың қалыптасуы мен олардың нақты істерді шешудегі маңызы қарастырылған;

- құқық қолдану тәжірибесіндегі өзекті мәселелер талданып, нормативтік қаулылардың сот және құқық қорғау органдары қызметінде қолданылуындағы кедергілер мен оларды шешу жолдары ұсынылған.

Докторант Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған **«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы»** тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы қойылатын талап, ережелерге сай орындалған және 6D030100– «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға лайық деп санаймын.

Пікір беруші:
Ғылыми кеңесші,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті
Ректор аппаратының басшысы
PhD, профессор **А.К. Жанибеков**

КЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ БАСҚАРМАСЫ

КОЛЫН РАСТАЙМЫН
ҚЖЖ бөлімінің
басшысы